



«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

**СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ
ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ
БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША
ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЛАЙН-ОҚЫТУ НЫСАНЫНДА
ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ ТУРАЛЫ**

ЕРЕЖЕ

Семей - 2023


«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ		
3 деңгейлі СМЖ құжаты	Ереже	Е 042-1.02 - 2023
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша қашықтықтан оқыту және онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидалары туралы ЕРЕЖЕ	05.11.2018 ж. №1 басылым орнына "28" 02 2023 ж. №2 басылым	

**СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ
ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ
БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША
ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЛАЙН-ОҚЫТУ НЫСАНЫНДА ОҚУ
ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

**Семей
2023**

Алғы сөз**1 ӘЗІРЛЕГЕН**

Тіркеу офис
жетекшісі


 «24» 02 2023 ж. М.Ж.Джунусова

2 КЕЛІСІЛДІ


Білім сапасын бақылау
орталығының жетекшісі

 «27» 02 2023 ж. Ж.М.Орынканова

Ақпараттық технологиялар
орталығының жетекшісі


 «27» 02 2023 ж. А.Д.Әбенов

Заңгер

 «27» 02 2023ж. Ж.Е. Шакенов

3 БЕКІТІЛДІ

Басқарма мүшесі,
академиялық мәселелер жөніндегі
проректор

 «28» 02 2023 ж. И.А.Оралканова



Мазмұны

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Глоссарий	4-5
4	Белгілер мен қысқартулар	6
5	Жауапкершілік және өкілеттіктер	6-7
6	Жалпы ережелер	7
7	Қашықтықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібі	7-9
8	Өзгерістерді тіркеу парағы	10
9	Танысу парағы	11

1 Қолдану саласы

1.1 Осы Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша қашықтықтан оқыту және онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидалары туралы ереже (бұдан әрі – ОПУ қағидалары) Шәкәрім университетінде (бұдан әрі – Университет) білім алушылардың үдерісін ұйымдастыруға қойылатын мақсатын, реттілігін және негізгі талаптарын айқындайды.

1.2 Осы Саясат білім беру процесіне жауапты барлық бөлімшелердің (ББҰҰД, деканаттар, кафедралар) орындауы міндетті болып табылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Саясатта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

2.1 Қашықтықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 22 сәуірде №10768 болып тіркелді, -

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500010768>

2.2 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Білім туралы Заңы, - https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_z526

2.3 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 6 қазандағы №97 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 10 қазанда №30083 болып тіркелді, - <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200030083#z10>

2.4 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2021 жылғы 3 қарашадағы № 547 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 5 қарашада №25038 болып тіркелді, - <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100025038#z8>

2.5 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2010 жылғы 8 ақпандағы №40 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 5 наурызда №6111 болып тіркелді, - https://adilet.zan.kz/rus/docs/V100006111_z1

3 Глоссарий

1) **асинхронды оқыту форматы** – білім беру процесіне қатысушылардың, оның ішінде белгілі бір орын мен уақытқа байланысты емес ақпараттық жүйелер

мен басқа да байланыс құралдары арқылы өзара іс-қимылын көздейтін қашықтықтан оқыту немесе онлайн оқыту;

2) **қашықтықтан оқыту** – педагог пен білім алушылардың қашықтықтан, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып өзара іс-қимылы кезінде жүзеге асырылатын оқыту;

3) **ақпараттық жүйе** – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, техникалық құжаттаманың ұйымдық-реттелген жиынтығы;

4) **ақпараттық-коммуникациялық технологиялар** – аппараттық-бағдарламалық кешенді және телекоммуникациялар желісін қолдана отырып жүзеге асырылатын электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу әдістерінің және ақпараттық өзара іс-қимыл әдістерінің жиынтығы;

5) **жаппай ашық онлайн-курс** (бұдан әрі – ЖАОК) – электрондық оқыту технологияларын қолдана отырып және Интернет арқылы ашық қолжетімділікпен жаппай интерактивті қатысумен оқыту курсы;

6) **білім беру порталы** – білім беру процесіне қатысушыларға ақпараттық-телекоммуникациялық желінің көмегімен білім беру сипатындағы ақпараттық ресурстар мен қызметтерге қол жеткізуге арналған ақпараттық жүйе;

7) **онлайн-курс** – Интернет арқылы нақты уақыт режимінде, оның ішінде ЖЖОКБҰ бекітетін ЖЖОКБҰ-да бұрын жазылған бейне дәрістерді қолдана отырып, білім, дағдылар мен құзыреттерді алуға мүмкіндік беретін оқу бағдарламасы;

8) **онлайн оқыту** – білім алушы кеңістіктік және уақыттық қашықтыққа қарамастан педагог пен білім алушы арасындағы өзара іс-қимыл үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және интернет арқылы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алатын кадрларды даярлаудың нақты бағыттары бойынша оқыту нысаны;

9) **онлайн прокторинг** – шу деңгейін анықтаумен, мультифейсті танумен, бөлмені 360 градус режимінде жазуға сұраныспен, күдікті оқиғаларды логирлеумен, жазбаны сақтауды, жеке тұлғаны тану мен сәйкестендіруді, бас пен дененің қозғалысын талдауды қамтамасыз ететін жеке тұлғаны тексеру және онлайн емтихан нәтижелерін растау жүйесі;

10) **ілеспе оқыту форматы** – білім алушылар ақпарат алатын, онымен өз бетінше немесе топтарда жұмыс істейтін, оны басқа қатысушылармен және оқытушылармен талқылайтын ақпараттық жүйелердің (бұдан әрі - АЖ) және басқа да байланыс құралдарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім беру процесіне қатысушылардың тікелей байланысын (стримингін) көздейтін қашықтықтан оқыту немесе онлайн оқыту кез келген жерден барлық уақыт кезеңіне;

11) **оқытуды басқару жүйесі (LMS) (Элэмэс)** – білім беру процесіне қатысушылардың өзара іс-қимылы үшін қашықтықтан оқытуды және онлайн-оқытуды қамтамасыз ететін оқу материалдары мен құралдар кешенін қамтитын оқу курстарын әкімшілендіруге арналған платформа;

12) **білім алушының цифрлық ізі** – LMS (Элэмэс) (оқытуды басқару жүйесі) және (немесе) өзге де платформаларда немесе ақпараттық жүйеде тіркелген білім беру қызметінің нәтижелері туралы верификацияланған деректер жиынтығы;

13) **цифрлық білім беру ресурстары** (бұдан әрі – ЦББР) – оқытуды интерактивті түрде қамтамасыз ететін оқытылатын пәндер және (немесе) модульдер бойынша дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалды шындық және интерактивті модельдеу объектілері, дыбыс жазбалары және өзге де цифрлық оқу материалдары.

4 Белгілер мен қысқартулар

ААЖ – Университеттің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;

АК – аттестаттау комиссиясы;

ЖОО – жоғары оқу орны;

МЖМББС - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

ББҰҰД – білім беру үрдісін ұйымдастыру департаменті;

ҚО - қашықтықтан оқыту;

ҚА – қорытынды аттестаттау;

ҚБ – қорытынды бақылау;

ЖОЖ – жеке оқу жоспары;

ТО – тіркеу офисі;

ОӘБ – оқу-әдістемелік бөлімі;

ПОҚ – профессорлық-оқытушылық құрам;

АБ – аралық бақылау;

ЖОЖ – жұмыс оқу жоспары;

БӨЖ – білім алушының өзіндік жұмысы;

ОЖБӨЖ – оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы;

АБ – ағымдағы бақылау;

ГРА – білім алушының оқу жетістіктерінің деңгейін орташа өлшенген бағалау.

5 Жауапкершілік және өкілеттіктер

5.1 Университеттің Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры ОПҰ қағидаларын бекітеді.

5.2 ОПҰ қағидаларының талаптарын әзірлеу, олардың заңнамалық және нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігі үшін жауапкершілік ББПҰД ТО басшысына жүктеледі.

5.3 ОПҰ қағидаларын қадағалау үшін жауапкершілік ББПҰД директорына жүктеледі.

5.4 ОПҰ қағидаларының нақты кезеңдерін іске асыруды ұйымдастыру және үйлестіру және олардың орындалу сапасы үшін жауапкершілік ағымдағы, аралық және қорытынды білімді бақылау тетігін іске асыруға қатысушылар болып табылатын кафедра меңгерушілеріне және педагогикалық ұжымға жүктеледі.

6 Жалпы ережелер

6.1 Білім беру ұйымы келесі тұлғаларға қашықтықтан оқытуды ұсынады:

- дәрігерлік-консультациялық комиссияның денсаулық жағдайы туралы 30 күнге қорытындысы бар білім алушыларға. Мерзім аяқталғаннан кейін білім алушы офлайн форматқа ауысуы немесе денсаулық жағдайы бойынша академиялық демалысты ресімдеуі тиіс;

- халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстар мен фестивальдерге қатысушыларға;

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушыларға (бұдан әрі – университет) кадрлар даярлау бағыттарының белгілі бір тізбесі бойынша осы Қағидаларда белгіленген көлемнен аспайды.

7 Қашықтықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібі

7.1 Қашықтықтан оқыту білім беру процесіне қатысушылардың орналасқан жеріне қарамастан қашықтықтан өзара әрекеттесуімен, оның ішінде ААЖ пайдалана отырып жүзеге асырылады.

7.2 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін ААЖ-да жағдайларды қамтамасыз етеді.

7.3 Білім алушыларды қашықтықтан оқытуға толық көшу кезінде білім алушылардың ААЖ-ға және электрондық сабақ кестесіне, электронды журналға кіруін қамтамасыз етеді.

7.4 Халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстарға, фестивальдерге қатысатын білім алушылар үшін оқу сабақтары асинхронды және/немесе ілеспе оқыту форматы арқылы ұйымдастырылады.

7.5 Денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар білім алушыны қашықтықтан оқыту нысанға сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бойынша жүзеге асырылады, "Облыстағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген). Қашықтықтан оқыту кезеңі мен мерзімі дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысының медициналық көрсетілімдері негізінде айқындалады.

7.6 Денсаулық мүмкіндіктері уақытша шектелген және университетке тұрақты түрде баруға мүмкіндігі жоқ адамдар үшін оқу сабақтары асинхронды және/немесе ілеспе оқыту форматы арқылы және білім беру ұйымының шешімі бойынша оқу материалдарын өз бетінше игеру жолымен ұйымдастырылады.

7.7 Қашықтықтан оқыту үшін жіберілетін пәндердің және (немесе) модульдердің тізбесін оқу нысанына қарамастан Университет дербес айқындайды және оны басшы бекітеді.

7.8 Білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеру процесінде пәнді және (немесе) модульді сақтауын, оқу процесіне қатысу деңгейін, сабаққа қатысуын мониторингілеу оның цифрлық ізін қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

7.9 Университетте оқытудың барлық кезеңінде пәндердің жалпы санынан педагогика ғылымдары, құқық, музыкалық өнер, құрылыс, ветеринария саласында кадрлар даярлау үшін жиырма пайыздан аспайтын қашықтықтан оқытуға ауыстыру көзделеді.

Кадрларды даярлаудың қалған бағыттары бойынша кадрларды даярлау үшін университет бүкіл оқу кезеңінде пәндердің жалпы санының елу пайызынан аспайтын қашықтықтан оқытуға ауыстыруды көздейді.

Қашықтықтан оқытуды қолдана отырып пәндерді зерделеу кезінде ЖАОК қолдану арқылы игеру көзделетін пәндерді қоспағанда, әр пәннің жалпы көлемінің жиырма пайызынан аспайтын қашықтықтан оқытуға ауыстыру көзделеді.

7.10 Университет білім алушыларға консультациялық қолдау көрсетуді және білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру, сабаққа қатысу, логиялау процесінде тәртіптің сақталуына қатаң мониторинг жүргізуді, материалдарды зерделеу барысын және тапсырмалардың уақтылы орындалуын бақылауды, оның цифрлық ізі арқылы бағалауды қамтамасыз етеді.

7.11 Университет қашықтықтан оқытудың онлайн курстарының құрылымы мен мазмұнын дербес анықтайды.

7.12 Қашықтықтан оқыту кезінде қолданыстағы білім беру бағдарламасына сәйкес оқу пәндері мен оқу жұмысының еңбек сыйымдылығы сақталады.

7.13 Шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында кәсіптік практика, зерттеу және эксперименттік жұмыс, оларды онлайн-форматта жүзеге асыру мүмкін емес зертханалық және студиялық сабақтар қашықтықтан оқытуға көшкен кезде кейінгі академиялық кезеңдерге ауыстырылады.

7.14 Академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша қашықтықтан оқытуға көшуге рұқсат беру және ұйымдастыру тәртібін Университет дербес айқындайды.

Академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша білім алушыларды даярлау үшін бүкіл оқу кезеңі үшін академиялық кредиттердің жалпы көлемінің жиырма пайызынан аспайтын қашықтықтан оқыту форматына ауыстыруға жол беріледі;

Білім алушыларды екі дипломдық бағдарламалар және білім алушылармен алмасу бағдарламалары бойынша даярлау үшін бүкіл оқу кезеңі ішінде академиялық кредиттердің жалпы көлемінің елу пайызынан аспайтын қашықтықтан оқыту форматына ауыстыруға жол беріледі.

7.15 Халықтың ауруларының алдын алу мен емдеуді, санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды қамтитын әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде білім алушыларға академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша қашықтықтан оқытуды қолдана отырып және қос дипломды және (немесе) бірлескен бағдарламаларды іске асыру кезінде академиялық кредиттердің үлкен көлемін зерделеуге жол беріледі.

7.16 Білім алушылар университеттің келісімі бойынша білім беру бағдарламасының жекелеген пәндерін бейресми білім беру арқылы, оның ішінде ЖАОК арқылы игереді, олардың нәтижелері университетте белгіленген тәртіппен дербес танылады, бүкіл оқу кезеңінде академиялық кредиттердің жалпы көлемінің жиырма пайызынан аспайды.

